

"Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 416 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

*Қазақстан*

*Республиканың*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ** Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімді және Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы

2001 жылғы 29 қарашада Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісім және 2003 жылғы 27 ақпанда Баку қаласында жасалған 2001 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы келісімге Хаттама бекітілсін.

*Қазақстан*

*Республиканың*

*Президенті*

# **Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы,

өздерінің Каспий теңізіндегі егеменді құқықтарын іске асыру үшін қолайлыша жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Каспий теңізі түбінің минералды ресурстары мен жер қойнауларын тиімді пайдалануға байланысты мәселелерді өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухында реттеуге үмтүла отырып,

Каспий теңізінің қолда бар құқықтық режимі қазіргі заман талабына жауап бермейтінін және Каспий төңірегіндегі мемлекеттердің өзара қарым-қатынасын толық деңгейде реттемейтіндігін назарға ала отырып,

Каспий төңірегіндегі мемлекеттерді олардың жалпы келісімі негізінде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияны тез арада жасасуға шақыра отырып,

халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын, Каспий теңізі түбі мен оның жер қойнауларының минералды ресурстарын игеру мен пайдалану кезінде Тараптардың мұдделерін, Каспий теңізінің қазіргі практикасын басшылыққа ала отырып,

осы Келісіммен Каспий теңізінің түбін шектеу биологиялық ресурстар мен кеме қатынасы мақсаттарына қолданылмайтындығына сүйене отырып,

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселелері жөніндегі қол жеткізілген екі жақты уағдаластықты назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Каспий теңізінің түбі мен оның жер қойнаулары Тараптар арасында жағалау сзығындағы және аралдардағы бастапқы базалық нүктelerден тең мөлшерде алыстау негізінде құрылатын орта желі бойынша шектеледі. Бастапқы базалық нүктelerдің координаттары Балтық биіктік жүйесінің минус 28 метр белгісіне тең Каспий теңізінің көпжылдық орташа деңгейіне сүйеніп айқындалады.

## **2-бап**

Орта желінің географиялық сипаттамасы мен оның координаттары Тараптар келіскең картографиялық материалдар мен бастапқы базалық нүктeler негізінде айқындалатын болады және осы Келісімнің қосымшасы әрі оның ажырамас бөлтігі болып табылатын жеке Хаттамалармен бекітілетін болады.

### **3-бап**

Тараптар өздерінің теңіз түбі секторларының шегінде Каспий теңізінің түбі мен жер қойнаулары ресурстарын барлау, игеру және басқару, Каспий теңізінің түбі бойынша су асты кабелдері, құбыр желілерін төссеу, жасанды аралдар салуда, берм, дамбалар, эстакадалар, платформалар және өзге де инженерлік құрылыштар, сондай-ақ басқа да теңіз түбіндегі занды шаруашылық-экономикалық қызметтер мақсатында егеменді құқықтарын жүзеге асырады.

Ортаңғы сызық перспективалы құрылымдар мен кен орындарының үстімен өткен жағдайда оларды барлау мен игеру мәселелері Тараптар арасындағы жеке келісімінің тақырыбы болмақ.

### **4-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолданудағы келіспеушіліктер келіссөздер жолымен және Тараптардың таңдауы бойынша өзге де бейбіт құралдармен шешіледі.

### **5-бап**

Осы Келісім Каспий төнірегіндегі мемлекеттердің Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі ортақ келісімге қол жеткізуіне кедергі келтірмейді және Тараптардың ортақ уағдаластықтарының бір бөлігі ретінде қаралуы мүмкін.

### **6-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

### **7-бап**

Осы Келісім оны бекіту туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Мәскеу қаласында 2001 жылғы 29 қарашада қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде әрқайсысы екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ*

*ҰШІН*

*ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ*

*ҰШІН*

**Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы Келісімге**

**ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы,

Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімді (бұдан әрі - Келісім) негізге ала

о т ы р ы п ,

Каспий теңізі түбінің участеклері мен жер қойнауын межелеп бөлу орта сзығының географиялық координаттарын анықтау мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Хаттамамен Тараптар Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбінің участеклері мен жер қойнауын межелеп бөлудің жағалық сзығтағы және аралдардағы бастапқы базалық нұктелерінен бірдей алыстау негізінде құрылған (бастапқы базалық нұктелердің географиялық координаттарының Каталогы - 2 Қосымша) орта сзығ өтуінің географиялық координаттарын белгілейді (межелеп бөлу орта сзығының географиялық координаттарының Каталогы - 1 Қосымша).

**2-бап**

Солтүстік ендіктің  $42^{\circ} 33',6$  және шығыс бойлықтың  $49^{\circ} 53',3$  координаттары бар Қазақстан Республикасы, Әзіrbайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында Каспий теңізі түбінің участеклері мен жер қойнауын межелеп бөлу сзығының түйісу нұктесі межелеп бөлу орта сзығының бастапқы нұктесі болып та б ы л а д ы .

Солтүстік ендіктің  $41^{\circ} 32',4$  және шығыс бойлықтың  $50^{\circ} 56',6$  координаттары бар нұkte межелеп бөлу орта сзығының соңғы нұктесі болып табылады, ол Қазақстан Республикасы, Әзіrbайжан Республикасы және Түрікменстан арасында Каспий теңізі түбінің участеклері мен жер қойнауын межелеп бөлудің түйісу нұктесі ретінде қабылдануы мүмкін, мұның өзі олардың арасындағы үш жақты келісімде белгіленетін болады.

**3-бап**

Межелеп бөлудің орта сызығы Тараптар келісken Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбінің участекері мен жер қойнауын межелеп бөлу орта сызығының Схемасына енгізілген (3 Қосымша).

#### 4-бап

Осы Хаттама Келісімнің 7-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Баку қаласында 2003 жылғы 27 ақпанда әрқайсысы қазақ, әзіrbайжан және орыс тілдерінде екі тұпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру мақсатында Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**УШІН**

**ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**УШІН**

Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасының арасындағы Келісім Хаттамасына  
1 Қосымша

#### Орта сзықтың географиялық координаттарының Каталогы

Орта сзықтың бұрылыс нұктелерінің	Солтүстік ендік нөмірлері	Шығыс бойлық
Бастапқы нұкте	42° 33', 6	49° 53', 3
1	42° 25', 8	50° 00', 3
2	42° 24', 5	50° 01', 7
3	42° 22', 3	50° 03', 8
4	42° 20', 9	50° 05', 4
5	42° 20', 2	50° 06', 4
6	42° 19', 7	50° 06', 9
7	42° 17', 0	50° 10', 1
8	42° 16', 4	50° 10', 8
9	42° 11', 1	50° 17', 5
10	42° 10', 4	50° 18', 5
11	42° 06', 5	50° 23', 6

1 2	4 2 ° 0 5 ', 2	5 0 ° 2 5 ', 4
1 3	4 1 ° 5 7 ', 9	5 0 ° 3 6 ', 0
1 4	4 1 ° 5 7 ', 4	5 0 ° 3 6 ', 8
1 5	4 1 ° 5 6 ', 6	5 0 ° 3 8 ', 0
1 6	4 1 ° 5 5 ', 8	5 0 ° 3 8 ', 7
1 7	4 1 ° 5 3 ', 2	5 0 ° 4 1 ', 2
1 8	4 1 ° 5 1 ', 3	5 0 ° 4 1 ', 9
1 9	4 1 ° 5 0 ', 6	5 0 ° 4 2 ', 2
2 0	4 1 ° 4 7 ', 8	5 0 ° 4 3 ', 1
2 1	4 1 ° 3 9 ', 1	5 0 ° 5 0 ', 4
2 2	4 1 ° 3 7 ', 0	5 0 ° 5 2 ', 3
2 3	4 1 ° 3 5 ', 3	5 0 ° 5 3 ', 8
2 4	4 1 ° 3 3 ', 4	5 0 ° 5 5 ', 5

25 (соңғы)      41 ° 32',4      50 ° 56',6

Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында  
Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан  
Республикасының арасындағы Келісім Хаттамасына  
2 Қосымша

## Бастапқы базалық нүктелердің географиялық координаттарының Каталогы

### Қазақстан Республикасы

р/н NN	! Солтүстік ендік !	! Шығыс бойлық !
1	4 3 ° 0 9 ', 1	5 1 ° 1 6 ', 2
2	4 3 ° 0 9 ', 1	5 1 ° 1 6 ', 6
3	4 2 ° 5 0 ', 1	5 1 ° 5 4 ', 3
4	4 2 ° 0 5 ', 0	5 2 ° 2 5 ', 4
5	4 1 ° 4 6 ', 6	5 2 ° 2 6 ', 5
6	4 1 ° 4 6 ', 1	5 2 ° 2 6 ', 7

### Әзіrbайжан Республикасы

р/н NN	! Солтүстік ендік !	Шығыс бойлық !
1	41° 45', 6	48° 42', 4
2	41° 35', 8	48° 51', 9
3	41° 32', 2	48° 55', 8
4	41° 28', 0	48° 59', 6
5	41° 22', 7	49° 04', 4
6	41° 21', 8	49° 05', 0
7	41° 18', 9	49° 06', 7
8	40° 35', 7	50° 04', 3
9	40° 29', 3	50° 19', 9

Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында  
Каспий теңізі тұбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан  
Республикасының арасындағы Келісім Хаттамасына  
3 Қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Әзіrbайжан Республикасы арасында Каспий  
теңізі тұбінің участеклері мен жер қойнауын межелеп бөлу орта сызығының  
СХЕМАСЫ**  
**(қағаздағы мәтіннен қараңыз)**